



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

**Список литературы:**

- 1 Государственная программа по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020-2025 годы. URL: [www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001045](http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001045)
- 2 Корнеева Л.И. Межкультурная компетенция как условие успешной профессиональной деятельности российских менеджеров// Вестник УГТУ-УПИ. 2004. № 10 – С.54-61.
- 3 Сафонова В.В. Социокультурный подход: основные социально-педагогические и методические положения// Иностранные языки в школе. 2014. № 11 – С.2-13.
- 4 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика. – Москва.: Академия, 2006. – 336 с.
- 5 Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: Базовый курс лекций. – Москва.: Просвещение, 2005. – 239 с.
- 6 Сыроев П.В. Культурное самоопределение личности как часть поликультурного образования в России средствами иностранного и родного языков// Иностранные языки в школе. 2003. № 1 – С.42-47.

ӘОЖ74.200.4

**ИНКЛЮЗИВТІ ОҚУ ОРТАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ**

Балтабаева Гүльсара Калиакпаровна  
директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ

**Аңдатпа**

*Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын басты талаптардың бірі, олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы оқу мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету керектігі қарастырылады.*

**Түйінді сөздер:** инклюзивті білім беру, оқу мақсаттары.

**Аннотация**

*В статье рассматривается одно из основных требований к оценке учебных достижений обучающихся в условиях инклюзивного образования необходимость обеспечения выполнения общеобразовательных целей с учетом их индивидуальных особенностей и возможностей.*

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, цели обучения.

**Abstract**

*The article discusses one of the main requirements for assessing the educational achievements of students in an inclusive education, the need to ensure the fulfillment of general educational goals, taking into account their individual characteristics and capabilities.*

**Key words:** inclusive education, learning objectives.

Ыбырай Алтынсарин өз заманына сай оқу үрдісін бір жүйеге қалыптастырды. Ел тарихында болмаған алғашқы оқулықтарды, оқу құралдары, әдістемелерді жазып, оқыту бағдарламасын, сабақ беру жоспарларын жасады. Ең алғашқы арнайы мектептерді салды. Оған дейін уақытша үй жалдап оқытатын еді. Ы.Алтынсарин арнайы салған мектептерде жеке сыныптар бөлмесі, асхана, кітапхана, аурухана, зертхана, шеберханалар болды. Ол мектептерде химия, физика, астрономия пәндері оқытылды. Сөйтіп сол заманның өзінде жартылай болса да зайырлы мемлекетке сай оқыту жүйесін қалыптастырды. Дін сабағын да қоса жүргізіп, мүлдем қол үзіп кетпеді. Ыбырай Алтынсарин педагогикасының өзегі – адамгершілік, имандылық, баланы барынша тәрбиелеп, оған қолдау білдіру болды. Оны біз Ыбырайдың 1864 жылы Орынбор бекінісінен Н.Ильминскийге жазған хатынан да көре аламыз. Онда ағартушы: «Оқушылар кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып жатырмын»- деген екен. – Менің үнемі ұмтылған тілегім қалай да пайдалы пайдалы адам болып шығу еді. Ал осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады, - деген екен.

Ы.Алтынсарин балаларға тәрбие беріп, олардың білімге шақырып ғана қоймай, баланың түсініп кетуіне көмектесіп, оларды барынша сүйемелдеп кеткенін оның әңгімелерінен де байқау қиын емес. «Әдеп», «Қанағат», «Әділдік», «Зеректік», «Жамандыққа-жақсылық» әңгімелерінен адам бойындағы



құндылықтарды жеткізгісі келді. «Талпыну пайдасы», «Малды пайдаға жарату», «Білгеннің пайдасы» шығармаларынан балаға тек ақыл-білімді айта бермей, мысалдар, әңгімелермен көркем түрде жеткізе білгенін, балаға ұрысу, жекуден пайда болмайтынын, керісінше оқиғалар арқылы қалай түсінікті жеткізуге болатынын көрсетіп кеткен. Әңгімелері арқылы балаға білім берудің, адам бойындағы қасиеттерді ғана айтып қоймай, нарықтық қатынастағы бәсекелестікті, тиімділікті, де өз заманындағы түсінікпен жеткізе білген. Бұл дүниедегі барлық нәрсенің өлшемі – адам екенін белгілі. Сол себептен ұлы ғұламалардың бірінші кезекте адамның тұлға болып қалыптасуына көп мән берген. Абай Құнанбаев та алдымен адам болуды айтып кетті. Сондықтан әлем танып мойындаған қара сөздерін үңіліп оқуда. «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі», – дейді ұлы Абай өзінің он төртінші қарасөзінде.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Көптеген дамыған елдерде жалпы адами құндылықтары мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алулары қажет деген шешімге келген. Ал адамды адам қылатын, адамнан тұлға қалыптастыратын нәрсе тәрбие екені түсінікті. Мектепте оқушыларды ұлтына, дініне, қабілеті мен денсаулығына бөлмей, тең құқылы оқытуды жүзеге асыру негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау – бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарды: интеллектуалдық, сенсорлық, физикалық, психикалық, сөйлеу бұзылыстары, мінез-құлық пен қарым-қатынастың бұзылуы бар, сондай-ақ өмір сүру жағдайлары, күнкөрісі төмен, созылмалы аурулардың немесе олардың биологиялық, физиологиялық немесе психологиялық тұтастығына қауіп төндіретін кейбір дегенеративті құбылыстары бар тұлғаларды анықтау, бағалау, оңалту, тәрбиелеу, оқыту, кәсіптік бағдар беру, бейімдеу және әлеуметтік интеграциялау үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сипаттағы шаралар кешені.

Оқушыға жеке бағдарлама бойынша немесе жеке тәсілдермен жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды ұсынған жағдайда, ал мектепті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі бақылау нәтижесінде бағдарламаны өзгерту қажеттілігін растайды, ал ұсыныстарға

сүйене отырып, жеке оқу бағдарламасы жасалады. Оқушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылар үшін әзірленген жеке оқу бағдарламалары мектептің педагогикалық кеңесінде бекітіледі. Жеке оқу бағдарламасын іске асыру кезінде мұғалім келесі іс-әрекеттерді жоспарлау үшін әрбір сабақты талдай отырып, рефлексия қызметін үнемі жүргізуі қажет. Мұғалім өзінің педагогикалық қызметінде жаңартылған бағдарламаға сай рефлексивті бағалауды оқушылардың нақты жеке ерекшеліктеріне, олардың даму мүмкіндіктеріне сай жасайды. Бұл мұғалімнің ең маңызды кәсіби біліктерінің бірі әрі міндеті болып табылады. Критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу процесіне қатысушылардың барлығына алдын ала белгілі бағалау критерийлерімен салыстыру арқылы, білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес жүргізіледі. Критериалды бағалау жүйесіне қойылатын талаптар оқу жоспарында көрсетілген оқу пәндеріндегі әрбір тақырыптың бөлімі бойынша оқу мақсаттарының жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады. [1, б. 14]

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау. Адамдардың (балалардың) ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін бағалау мектепке дейінгі ұйымдарда және орта білім беру ұйымдарында және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (бұдан әрі – ПМПК) жүзеге асырылады. Оқушының оқу қиындықтарының сипаты мен дәрежесіне қарай бір немесе бірнеше білім беру қажеттілігі анықталуы мүмкін. Оқушылардың ерекше білім қажеттілігі оқытудың кез келген кезеңінде пайда болады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – оқу процесі барысында оқушыны қолдаудың түрін, формасын, көлемін анықталған оқу қиындықтары, олардың пайда болу себептері мен механизмдері негізінде белгілеу. Критериалдық бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалауды, бөлім бойынша жиынтық бағалауды, тоқсандық жиынтық бағалауды жүзеге асырады. Инклюзивті білім беру жағдайындағы білім алушылардың оқудағы жетістіктерін анықтауға негіз болатын бағалау критерийлері нормативтік құжаттарда көрсетілгендей оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс [2, б. 4].

Мектепте оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың басым көпшілігі зерде дамуы қалыпты және зерде дамуының тек жеңіл бұзылыстары бар балалар болғандықтан, дамуында ауытқушылығы жоқ өзінің құрбыластарымен білім мазмұнын бірдей игереді. Инклюзивті білім беру жағдайында критериалды бағалау жүйесін жетілдіріп, оның келесі мүмкіндіктерін беретіндей көп атқарымды және қолданысқа жарамды болуын қарастыру қажет. Білім алушылардың оқу материалдарын қаншалықты табысты меңгергенін МЖМБС талаптарына қаншалықты сай келетінін анықтауға мүмкіндік беруі, танымдық іс-әрекет салаларында оқушылардың жетістік динамикасын қадағалап отыруға, критериалды бағалау жүйесінің талаптарына түзетулер енгізу үшін жеке дамыту жұмыстарының ескерілуі, оқушының жеке қажеттіліктеріне және оқу бағдарламасының мазмұнын игеру қарқынына байланысты бағалау талаптарына енгізілді. Критериалды бағалау жүйесі мектеп бітіруші түлектің тұлғасына қойылатын қазіргі заманғы білім беру парадигмасының талаптары бойынша, балалардың әртүрлі мүмкіндіктерінің, соның ішінде ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып қалыптастырылады [3, б. 6].

Сондықтан, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі мектептегі құзыретті білім беру шарттарында келесі қағидаттарды ескеру арқылы әзірленеді: критериалды бағалау, бағалаудың объективтілігі, бағалауды дараландыру, бағалауды жариялау. Инклюзивті сыныптарда оқыту адамгершілік тұрғыда, тұлғаға бағытталған негізде, дамытушы, дифференциалды және жеке қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған бағалау принциптерін ескере отырып, мектептің құзыретті білім беруге жағдайында қалыптастырылған оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жүйесі мектеп практикасындағы жаңа білім парадигмаларының талаптары мен бағалау құралдарының арасындағы қайшылықтарды жоюға көмектеседі. Атап айтқанда оқу материалдарын игеруіне қарай деңгейлеп дифференциялау арқылы қалыптастырылған бағалау жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Бағалаудағы жариялылық көптеген психологиялық тұрғыдағы мәселелерді шешуге көмектеседі, соның ішінде, білім алушылар мен олардың ата-аналарының арасындағы қанағаттанғысыз бағаға қатысты қақтығыстар, білім алушылар мен олардың мұғалімдерінің арасындағы балаға қойылған бағаға келіспеушілік тұрғысындағы даулар, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қостарапты түсініспеушіліктер. Зерде дамуының бұзылыстары бар балаларды қоспағанда, дамуында және денсаулығында ауытқушылықтары анықталған, білім алуға арнайы қажеттілігі бар балалардың жалпы мектептегі пәндер бойынша оқу жетістіктерін бағалау, кейбір бұзылыс түрлеріне байланысты шектеулерді ескермегенде (көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараттарының бұзылыстары, әлеуметтік-эмоционалдық бұзылыстар), жалпы сыныпқа арналған критерийлер мен көрсеткіштер арқылы бағаланады. Түзете дамыту пәндері бойынша бағалау критерийлері кез келген тақырыпты игеру барысындағы оқу материалдарымен және қалыптастырылған дағдыларымен тығыз байланысты болуы тиіс. Олар білім алушының әртүрлі іс-әрекеттерінің жиынтығы болып табылады және жұмыс барысында оқу әрекеттерін жүзеге асыра отырып, білім деңгейін шыңдауына көмектеседі. Осылайша белгілі бір білім дағдыларының қалыптасуын жедел бақылап отыру жүзеге асырылады. Түзете дамыту пәндерін қалыптастырушы бағалау критерийлері жаңа сабақты игеру мүмкіндігіне қарай ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылар үшін, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып әр сабаққа жасалады.

Мектепте білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады [4, б. 9].

Мамандар мен мұғалімдер оқушының қызығушылығы, оқу және тапсырмаларды орындау стилі туралы мүмкіндігінше көбірек білуі керек, оқушының үлгерімінің күтілетін нәтижеге сәйкес болуын/болмауын білуі керек, мүмкін болатын өзгерістерді жоспарлап, қажет болған жағдайда қосымша қолдау көрсетуі керек. Бағалау нәтижесінде алынған ақпарат оқушының нені үйренуі керектігін, сондай-ақ оқытудың әдістері мен тәсілдерін анықтауға негіз ретінде пайдаланылады.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары» №6 бұйрығына сәйкес іске асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету:

- 1) тәрбиеленушінің/білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды;
- 2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен тәрбиеленушінің/білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді;
- 3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету адамдардың (балалардың) білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру ЕБҚ бар оқушылар үшін маңызды және олардың басқа оқушылармен қарым-қатынасына сүйенеді. Мұғалімдер сыныптағы оқушыларға кейбір балалардың

сөйлей алмауының, өзін басқаша ұстауын, қозғалыс қиындықтарының және тағы басқа себептерін түсіндіре алады. Мұғалім оқушылардың бір-бірімен қалай жұмыс істеу керектігін өздері анықтай алатындай оқу жағдаятын туғызады. Ұлтының болашағы ұрпағында тұрғанын бар жан-тәнімен, азаматтық жауапкершілігімен сезінген Ыбырай Алтынсарин бар жақсыны балаға үйретуге мейлінше ықыласты, ынталы болды. Жартылай жаны кеткен жапан даланы ондаған жылдар бойы жаяу аралағандай күйде болған оңды-солды аткөлікпен айналып жүріп мектеп үйін салған, балаға қажеттінің барлығын аянып қалмаған ағартушының идеясын педагог қауымы баланың қандай да жағдайына қарамастан жалғастыруға міндеттіміз

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық, Оқу-әдістемелік құрал, Астана-2017, НЗМ ДББҰ
- 2 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген.
- 3 Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігіне қойылатын талаптарды дайындау. Әдістемелік ұсынымдар. Астана 2015, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
- 4 Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі, әдістемелік құрал, Астана-2016 ж

УДК372.851

#### **РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ ЧЕРЕЗ РЕШЕНИЕ НЕСТАНДАРТНЫХ ЗАДАЧ**

Басова Юлия Николаевна  
учитель начальных классов  
Коммунальное Государственное Учреждение  
«Общеобразовательная средняя школа-гимназия №1  
имени Н. А. Островского»  
г.Шемонаиха, Казахстан  
E-mail: basova-2471@mail.ru

Колнаузова Надежда Васильевна  
учитель начальных классов  
Коммунальное Государственное Учреждение  
«Общеобразовательная средняя школа-гимназия №1  
имени Н. А. Островского»  
г.Шемонаиха, Казахстан  
E-mail: n07061971n@mail.ru

#### **Аннотация**

*Актуальность и цель. В данной статье раскрываются возможности развития познавательных способностей мышления учащихся через решение нестандартных задач. Применение способов решения нестандартных задач в практической деятельности.*

*Ключевые слова. Познавательные способности, нестандартные задачи, логическое мышление, занимательность, приемы и методы, принципы, практическая деятельность.*

#### **Аңдатпа**

*Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада стандартты емес тапсырмаларды шешу арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі ашылған. Стандартты емес есептерді шешу әдістерін практикада қолдану.*

*Түйінді сөздер. Танымдық қабілеттер, стандартты емес тапсырмалар, логикалық ойлау, ойын – сауық, амалдар мен әдістер, принциптер, практикалық іс – әрекеттер.*